

**IQOS**

Бұл белгі құрылғыны  
пайдалану кезінде сақ  
булу қажет екенін  
көрсетеді.

ҚАЗАҚША

## **ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТУ МЕН ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ**

### **ӘТІНЕМІЗ, ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ОҚЫП ШЫҒЫП, САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ**

Осы құжатта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ескерту мен нұсқаулар барлық мүмкін болатын жағдайларды қамтымайды. Кез келген жеке қолданысқа арналған электрондық өнімдерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету кезінде сақтық пен абайшылық таныту керек. Жарапат алу қаупін төмендету үшін осы құрылғыны әрқашан дайындаушының нұсқаулықтарына сәйкес пайдаланыңыз. Бұл құрылғыда пайдаланушының өз бетімен техникалық қызмет көрсетуін талап ететін бөлшектер жоқ. Осы құрылғының қандай да бір құрамдас бөліктерін ашуға, өзгертуге немесе жөндеуге, немесе қандай да бір бөлшегін ауыстыруға тырыспаңыз – бұл денеге зақым келтіруі мүмкін. Бұл құрылғыны тұтанғыш заттар, сұйықтықтар мен газдар бар жерлерде пайдалануға тыйым салынған. Бұл құрылғы тек қауіпсіз аса төмен кернеуде қуаттандырылуы тиіс. Бұл құрылғыны тек орынжайлардың ішінде өндірушінің бекіткен Қуат беру блогының көмегімен қуаттаңыз – толығырақ "Техникалық сипаттамалар" тарауынан қараңыз. Бұл

құрылғының ішіне ылғал түскенде немесе ол қандай да бір сұйықтыққа батырылса, оны ұстамаңыз. Бұл құрылғыны лақтырманыз және соққының әсеріне ұшыратпаңыз. Ешқашан Тұтқыштың қыздыру элементіне қол тигізбеніз, бұл жарақаттарға немесе қыздыру элементінің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және олардың бұл құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз. Бұл өнім физикалық, сезімдік немесе ақыл-ой қабілеттері төмен немесе білімі жеткіліксіз адамдардың қолдануына арналмаған, бұл аталған тұлғаларға тиісті қадағалау жасалатын немесе құрылғыны қауіпсіз түрде пайдалану туралы нұсқаулардан өтіп, барлық қауіп-қатерін түсінген жағдайларға қатысты емес. Осы құрылғыны келесі жағдайларда пайдалануға тыйым салынады: i) электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынған жерлерде; ii) жылу көздерінің үстінде немесе жанында, мысалы радиаторлар немесе ашық от; iii) егер ол бұзылса, бүлінсе немесе сынса; iv) егер ол шамадан тыс температураға немесе ылғалдың әсеріне ұшыраған болса.

## **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

IQOS құрылғысы тек арнайы қыздырылатын темекі таяқшаларымен (бөлек сатылады) ғана жұмыс істейді. IQOS құрылғысын сигаретпен немесе ұқсас

өнімдермен, өндіруші мақұлдамаған қыздырылатын темекі таяқшаларымен немесе аксессуарларымен қолдануға тыйым салынады. Пайдалану барысында қыздырылатын темекі таяқшасын шығармаңыз. Қыздырылатын темекі таяқшалары бір рет пайдалануға арналған және қайта пайдалануға жатпайды, сіріңке, шақпақ немесе басқа от көзімен тұтандыруға арналмаған.

#### Темекі және оның денсаулыққа әсері

- IQOS құрылғысы қауіпсіз емес.
- Қыздырылатын темекі таяқшалары құрамында тәуелділік тудыратын никотин бар.
- Темекіге байланысты денсаулыққа тиетін қаупін азайтудың ең жақсы тәсілі — темекі мен никотинді пайдаланудан толық бас тарту.

#### Никотин

- Никотин қыздырылатын темекі таяқшаларында қолданылатын темекінің құрамына табиги түрде кіреді.
- Никотин тәуелділік тудырады және басқа да никотинді өнімдерден туатын жанама әсерлер тудыруы мүмкін, мысалы, бас ауруы, жүрек айнуы немесе тамақ тітіркенүі сияқты. Бұл белгілер пайдаланудан жағдайда, қыздырылатын темекі таяқшаларын қолдануды тоқтатып, дәрігермен кеңесініз.
- IQOS құрылғысы жүрек аурулары бар немесе диабетпен ауыратын адамдарға арналмаған.
- IQOS құрылғысы жүктілік кезінде немесе емізу кезінде пайдаланбауы тиіс.
- Егер сіз жүкті болсаңыз, бала емізіп жүрсөніз немесе жүктімін деген болжамыңыз бар болса, темекі мен никотинді пайдалануды толық тоқтатып, дәрігермен кеңескен жөн.

#### Балалар мен жасөспірімдер

- IQOS құрылғысы тек кәмелетке толғандардың пайдалануына арналған.
- Балалар мен жасөспірімдер IQOS құрылғысының ешқандай жағдайда қолданбаулары тиіс.

### ⚠ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

#### ⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ Тұншығып қалу және жұтып қою қаупі

- Қыздырылатын темекі таяқшаларын балалардың қолы жетпейтін жерде және үй жануарларынан аулақ ұстаңыз.
- ТҰНШЫҒЫП ҚАЛУ ҚАУПІ — Қыздырылатын темекі таяқшаларының құрамында ұсақ бөлшектер бар.
- ЖҰТЫП ҚОЮ ҚАУПІ — егер қыздырылатын темекі таяқшаларын жұтып қойсаңыз, никотиннің ағзаға түс қаупіне байланысты дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

#### ⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ Аккумулятормен байланысты қауіп-қатер

Қалыпты пайдалану жағдайларында аккумулятор бітеу болады. Аккумулятор сұйықтығы ағып кеткен жағдайда, келесі сақтау үшін:

- Егер сұйықтықты жұтып қойсаңыз, дереу дәрігерге қаралыңыз. Құсады шақырудың, тамақ не сусын ішудің керегі жоқ.
- Егер сұйықтықтың жолдарына түсіп кетсе, таза ауаға шығыңыз да, медициналық көмекке жүгініңіз.
- Сұйықтық теріге тиген кезде, тиген жерін мұқият жуыңыз және көзінізді ұстамаңыз.

- Көзге тиген жағдайда, кем дегенде 15 минут бойы ағын сүмен жуыңыз және медициналық көмекке жүгініңіз.

### **▲ ЕСКЕРТУ Ыстық аэрозольмен байланысты қауіп-қатер**

- IQOS құрылғысын ыстық әрі ылғалды ауа-райы жағдайында қолданғанда аэрозольдегі су оның қатты қызына себеп болады.
- Бұндай жағдайларды болдырмашын қыздырылатын темекі таяқшаларын құрғақ салқын жерде сақтаңыз. Өнімді жоғары ылғалдылық жағдайларына немесе тікелей құн сәулесінешіғармаңыз. Ыстық ауа-райында немесе жоғары ылғалдылық кезінде IQOS құрылғысын пайдаланбаңыз.
- Жағдайыңыз болмай тұрса, өнімді пайдалануды тоқтатып, дәрігерге қаралыңыз.

### **▲ ЕСКЕРТУ Аллергиялық реакцияның даму қаупі**

- IQOS құрылғысы аллергиялық реакция тудыруы мүмкін.
- Қатты аллергиялық реакцияны білдіретін келесі белгілердің кез келгені орын алғанда, IQOS құрылғысын қолдануды тоқтатып, дереу медициналық көмекке жүгініңіз: беттің, еріннің, тілдің, қызыл иектің, тамақтың немесе дененің ісіну, тыныс алушың қыындауы немесе өкпедегі сырлы.

### **Тұтынушының физикалық қүйіне әсер етуі мүмкін жағдайлар немесе жазатайым оқиғалар туралы хабарлау**

IQOS құрылғысын қолданғанда кез келген жағымсыз әсерге ұшырасаңыз, дереу дәрігерге қаралыңыз. Кез келген физикалық қүйге әсер етуі мүмкін жағымсыз жағдайлар немесе жазатайым оқиғалар туралы тікелей жергілікті Қолдау қызметіне хабарласуыңызға болады (қосымша ақпаратты "Қолдау қызметі және Кепілдік" кітапшасынан қараңыз). Жанама әсерлер туралы хабарлау арқылы сіз өнімнің қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат жинауға көмектесесіз.

Қосымша ақпаратты [www.iqos.com](http://www.iqos.com) сайтынан қараңыз

### **IQOS 2.4P құрылғысын кәдеге жарату туралы ақпарат**

**Еуропалық Одақ пен Еуропалық экономикалық аймақ үшін жарамды**



Құрылғыдағы немесе оның қаптамасындағы бұл белгі осы өнім мен оның элементтерінің (аккумуляторларды қоса) басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайтындығын білдіреді. Пайдаланылған құрылғыны кәдеге жарату үшін сізге оны электр және электрондық жабдықтардың қалдықтарын кәдеге жаратуға арналған белгілі бір жинау орнына тапсыру керек. Пайдаланылған аккумуляторларды сондай-ақ дүкенге тегін тапсыруға болады. Пайдаланылған жабдықты бөлек жинау және қайта өңдеу табиғи ресурстарды сақтауға және адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянсыз түрде кәдеге жаратылуына кепілдік береді. Пайдаланылған жабдықтарды сұрыпталмаған тұрмыстық қалдық ретінде кәдеге жаратудың (мысалы, қалдықтарды жағу немесе қоқыс төгетін жерге шығару) салдары қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Пайдаланылған жабдықтарды жинау орындары туралы қосымша ақпарат алу үшін жергілікті қала әкімшілігіне, жергілікті тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату қызметіне немесе құрылғыны сатып алған дүкенге хабарласыңыз. Жергілікті импорттаушы арнайы кәдеге жарату орындарына жергілікті талаптарға сыйнаптырылған пайдаланылған жабдықтың кәдегежаратылуы мен қайта өңделуін қаржыландырады.

# ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

IQOS 2.4P Тұтқышы - Моделі:

A1403

Аккумулятордың түрі:

Литий-ионды қайта

куаттандырылатын аккумулятор

Kіріс кернеуі: 3.7В  1.5A

Қытайда жасалған

IQOS қуат беру блогы

Моделі: S52A21, S21A20, S21A22,

S21A23, S21A25, S21A27

Kіріс кернеуі: 100-240 В ~ 50/60 Гц

0,3 А

Шығыс кернеуі: 5В  2A

Қытайда жасалған

IQOS 2.4P Қуат беру

құрылғысы - Моделі: A1503

Аккумулятордың түрі:

Қайта қуаттандырылатын

литий-ионды аккумулятор

Kіріс кернеуі: 5В  2A

Bluetooth® 4.1

Қытайда жасалған

USB кабелі

Қытайда жасалған

Тазартқыш құрылғы

Қытайда жасалған



Электрлік темекі қыздыру жүйесінің сәйкестігін міндетті растау туралы ақпарат

Электрлік темекі қыздыру жүйесі элементтерінің заңнаманың міндетті талаптарына сәйкестігі қажетті сертификаттармен және мағлұмдамалармен расталған. Атап айтқанда, жүйенің элементтерінің төмендегі техникалық регламенттер мен мемлекеттік стандарттарға сәйкестігі расталған:

020/2011 ҚО ТР техникалық регламенті

004/2011 ҚО ТР техникалық регламенті

12.2.007.12-88 МЕМСТ

61960-2007 ХЭК Р МЕМСТ

62133-2004 ХЭК Р МЕМСТ

60335-1-2008 ХЭК МЕМСТ

Қуат беру блогының жасап шығарылған жылына қуат беру блогында жазылған сериялық номердегі алғашқы сан (sn: ywwdxxxx) сәйкес келеді, бұл жерде у = жылдар (1 = 2011; 2 = 2012; және т.с.с.). Тұтқыштың немесе қуат беру құрылғысының жасап шығарылған жылын қолдау қызметтінің телефоны бойынша қонырау шалып, Тұтқыштың қақпағының астында немесе зарядтау құрылғысының бүйірлік панелінде жазылған 14 белгіден тұратын әріпті - санды кодты айту арқылы анықтауга болады. Қорсетілген элементтердің қайсысы сіздеgi IQOS электрлік темекі қыздыру жүйесі жиынтығына кіретіндігі туралы ақпаратты қаптамадан таба аласыз.

Осы арқылы Philip Morris Products S.A. компаниясы IQOS 2014/53/EU директивасының негізгі талаптары мен ережелеріне сәйкес екенін мәлімдейді. Сәйкестік туралы ресми мағлұмдаманы мына адрес бойынша табуға болады: [www.pmi.com/declarationofconformity](http://www.pmi.com/declarationofconformity)

Импорттаушы, өнім беруші және тұтынушылардың наразылығын

қабылдайтын үйім: «Филип Моррис Қазақстан» ЖШС, Илияс Жансүгіров көшесі, 90, Өтеген батыр кенті, Іле ауданы, Алматы облысы, Қазақстан, 040700.

A1503 моделді IQOS 2.4P құрылғысы 2,402 - 2,480 ГГц жиіліктері ауқымында жұмыс істейтін, ең жоғарғы қуаттылығы 7,0 дБм құрайтын таратқышпен жабдықталған.

Қытайда Philip Morris Products S.A. компаниясының тапсырысы бойынша жасалған, Кэ Жанрено, 3, 2000, Ньюшатель, Швейцария.



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының меншікті тіркелген сауда белгілері болып табылады; Philip Morris Products S.A. және оның еншілес тұлғаларымен мұнданай белгілерді пайдалану лицензия бойынша іске асырады.

Басқа сауда белгілері мен сауда атаулары олардың тиісті иелерінің меншігінде.